
	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b>	П– 12.4
	<i>Қабылдау комиссиясы</i>	4 беттің 1 беті

## **АРНАЙЫ (ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ) ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Білім беру бағдарламаларының топтары үшін: В086 – «Медицина»,  
В087 – «Стоматология», В088 – «Педиатрия», В084 – «Мейіргер ісі».**

**Астана 2023 ж.**

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	П– 12.4
	Қабылдау комиссиясы	4 беттің 2 беті

## 1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 «Денсаулық сақтау» білім беру саласы бойынша түсушілерге арналған бағдарламасы «Медицина», «Стоматология», «Педиатрия», «Мейіргер ісі».

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы бағдарламада келесі құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы 27.07. 2007 ж.;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы.

## 3. НЕГІЗГІ БӨЛІГІ

### 3.1 Қысқаша ақпарат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығының 2-тарауының 13-тармағына сәйкес жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша білім алушыларды қабылдау арнайы емтиханның нәтижелері ескеріле отырып жүзеге асырылады. **В084 – Мейіргер программ, В086 – Медицина, В087 – Стоматология, В088 – Педиатрия** білім беру бағдарламаларының топтары бойынша оқуға түсетін тұлғалар Қазақстан Республикасының кез келген медициналық университетінде тапсыруға болатын психометриялық емтихан нысанында арнайы емтихан тапсырады.

Арнайы емтихан университеттің компьютерлік кабинеттерде, офлайн форматта, порталда өткізіледі <http://pstest.amu.kz>

**3.2 Байланыс ақпараты:** Астана қ., Бейбітшілік көшесі, 49 А, қабылдау комиссиясы, телефон 8-7172-53-95-12, 87073358414 электрондық пошта мекенжайы: [priyem@amu.kz](mailto:priyem@amu.kz).


### 3.3 Арнайы емтихан өткізу орны

Өтетін орны: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 49А.

Оқуға түсушіні психометриялық емтихан өткізу аудиториясына жіберу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Бұл ретте арнайы емтихан бейне және (немесе) аудио жазбамен жаратқандырылған аудиторияларда (үй-жайларда) өткізіледі.

### 3.4 Арнайы емтихан өткізу нысаны

Психометриялық емтиханды өткізу нысаны-тестілеу.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	П– 12.4
	Қабылдау комиссиясы	4 беттің 3 беті

Тест тапсырмаларының тізбесі «Астана медицина университеті» КеАҚ академиялық кеңесінің отырысында бекітілген 2023 жылғы 29 мамырдағы № 5 хаттама.

Медицина негіздері кафедрасы тест тапсырмаларына рецензия жүргізді және талапкерлердің дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы ретінде пайдалануға ұсынылды.

### 3.5 Құжаттарды тапсыру кестесі және арнайы емтихан өткізу мерзімдері

Онлайн тіркеу мерзімдері	Өткізу мерзімдері	Өткізу уақыты	Апелляцияға өтініштерді қабылдау	Емтиханды өткізу орны
15.06.2023 – 08.07.2022	20.06.2023 – 10.07.2023	10.00 – 11.30; 12.00 – 13.30; 14.00 – 15.30; 16.00 – 17.30.	11.07.2023	компьютерлік кабинеттер
25.07.2023 – 15.08.2023	25.07.2023 – 15.08.2023	10.00 – 11.30; 12.00 – 13.30; 14.00 – 15.30; 16.00 – 17.30.	16.08.2023	компьютерлік кабинеттер

### 3.6 Арнайы емтиханға қатысуға тіркелу


Психометриялық емтиханға тіркелу сілтеме бойынша онлайн режимінде жүзеге асырылады <http://pstest.amu.kz>.

Тіркеу кезінде оқуға түсуші сайтта ұсынылған емтиханды тапсыру күні мен уақытын тандайды. Психометриялық емтихан тапсырған күні оқуға түсуші университеттің қабылдау комиссиясына салыстыру үшін келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат (түпнұсқа және көшірме);
- 2) 3 x 4 см, өлшемдегі 2 фотосурет;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) ҰБТ сертификаты (бар болса);
- 5) "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1-тармағында белгіленген спорттық разрядтардың және (немесе) спорттық атақтардың біреуінің болуын растайтын құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда).

### 3.7 Арнайы емтиханның тест тапсырмалары

1. Эмпатия деңгейін диагностикалау (И. М. Юсупов);
2. «Психологиялық стресс шкаласы PSM-25» 17 әдістемесі бойынша
3. Дифференциалды диагностикалық сауалнама (ДДО; Е. А. Климов).

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	П– 12.4
	<i>Қабылдау комиссиясы</i>	4 беттің 4 беті

### **3.8. Арнайы емтихан нәтижесі**

Психометриялық емтихан «ӨТТІ» немесе «ӨТПЕДІ» түрінде бағаланады.

Арнайы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсат ведомосімен, комиссияның хаттамасымен ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына комиссия төрағасы және оған қатысып отырған барлық мүшелер қол қояды.

Арнайы емтиханның нәтижелері емтихан өткізілетін күні арнайы емтиханның емтихан ведомосы түрінде жарияланады.